


Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Мемлекеттік материалдық резервтер
комитетінің төрағасы


_____ **А. Сәду**
2014 жылғы 4 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік резервтің
материалдық құндылықтарын (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен)
шығару жөніндегі тендерлік комиссияның жұмыс регламенті

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлік комиссия (бұдан әрі – тендерлік комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес өз жұмысын жүзеге асырады.

2. Қағидаларға сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендердің ұйымдастырушысы болып Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті шығады.

3. Тендерлік комиссия құрамына төраға, төраға орынбасары және тендерлік комиссия мүшелері кіреді.

Тендерлік комиссия төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.

4. Тендерлік комиссия мүшелері санының үштен екісінен кем емес қатысушы және төраға немесе оны ауыстыратын тұлға қатысқан жағдайда ғана комиссия отырысы заңды болып есептеледі.

5. Тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда тендер 2014 жылғы желтоқсанның әрбір сәрсенбісі күні сағат 11.00-де өткізіледі.

6. Тендерлік комиссияның хатшысы өтінімдер бар екендігін әр сейсенбі сайын сағат 18.30-ға дейін тендерлік комиссия мүшелеріне хабарлайды.

7. Тендерге қатысу туралы өтінім тендер өткізілгенге дейін тендерлік комиссия хатшысының сейфінде мөрленген конвертте сақталады және тендерлік комиссия отырысында ашылады.

8. Хатшы тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы хабарламаны дайындап тендер өткізілген күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде тендерді ұйымдастырушының интернет Ғаламтор-қорында орналастырылады.



9. Тендерлік комиссия отырысының хаттамасы тендер өткен күні хатшымен дайындалады және тендерлік комиссия мүшелерімен қол қойылып www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылады.

10. Тараптардың мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарды шығару шарттарын дайындауы және қол қоюы тендерлік комиссияның хаттамалық шешімі негізінде жүзеге асырылады.

11. Тауарды көлікке тиеуге қатысты шығындар, көлік құралдарын жалдауға, вагондарды және басқа көлік құралдарын келтіруге/жинауға қатысты барлық шығындар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген барлық мүмкін болатын шығындар (жинаулар, баж салығы және басқада шығындар) тендер жеңімпазы (Сатып алушы) есебіне жатады.

12. Тендерлік комиссия отырысы аудио-видео жазбаларымен қоса жүргізіледі.


Комиссия төрағасы:

А.Ә. Сәду



Комиссия мүшелері:

А.Т. Қадырбеков




С.К. Сабырбаева




Н.Ф. Айғараев



Д.А. Нұрқанов



М.Ж. Орынбаев



Т.А. Лигай



Г.Н. Тойбаева



Комиссия хатшысы:

Н.М. Иманбаев

